

Ресми рецензенттің 6D081000-«Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Тоқтағанова Гүлжас Баданқызының «Қазақстандық Арал өңірі суармалы жерлерін тиімді пайдаланудың ғылыми технологиялық негіздемесі (Қызылорда суармалы алқабы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

П І К І Р І

1. Ғылыми-зерттеу жұмысының өзектілігі

Қызылорда облысының суармалы жерлерінің экологиялық-мелиоративтік жағдайы белгілі себептерге байланысты күрделі болып қалыптасуда. Күріштен басқа ауылшаруашылық дақылдарынан төмен өнім алынууда. Табиғи-климаттық жағдайға байланысты топырақтың екінші қайтара тұздану процесі үздіксіз жүруде. Коллекторлы-дрендік жүйенің өз функциясын дұрыс атқармауына байланысты минерализациясы көтеріңкі жер асты суларының деңгейінің жоғары болуы суармалы жерлердің экологиялық-мелиоративтік параметрлерін төмендетуде. Осындай жағдайда тұзданған жерлерді пайдалану айналымнан шыққан жерлерді игеру күріш дақылын егу арқылы жүргізілуде. Осы технология кең көлемде қоданылып, аймақта жылына 80-90 мың гектар күріш егіліп келе жатыр. Дегенмен, судың жетіспеушілік жағдайында 10 мың гектарға дейін күріш егісінің судан қалып, гектар шығымдылығы төмендеу фактілері кездесуде. Осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының Арал өңірінің су, топырақ, жер, климаттық ресурстарын тиімді пайдалануға әсер ететіні айқын.

Сондықтан, диссертация тақырыбы өте өзекті мәселеге арналған және әрбір жаңа зерттеулер нәтижесі аймақтағы агроландшафттардың мелиоративтік-экологиялық параметрлерін жақсартуға, суды тиімді пайдалануға әсерін тигізіп, өнімділікті арттырады.

Диссертацияның мазмұны, тақырыптың мақсаты мен оны шешуге бағытталған міндеттер жұмыста толық қарастырылған.

2. Зерттеу жұмысы нәтижелерінің жаңашылдығы мен тәжірибелік маңыздылығы

Зерттеу жұмыстарының жаңашылдығы мен тәжірибелік маңыздылығы төмендегі тұжырымдармен айқындалған:

1. Қазақстандық Арал өңірінің суармалы алқаптары, олардағы қалыптасқан су - шаруашылық, топырақ - мелиоративтік, экономикалық көрсеткіштері туралы нақты материалдарды кеңінен талдау негізінде түйіндемелер жасалған;

2. Арал өңіріндегі суармалы жерлердің жағдайы экологиялық-мелиоративтік мониторинг арқылы бағаланған және топырақтың тұздану шамасының қауіпті деңгейі, экологиялық коэффициент арқылы анықталған;

3. Математикалық моделдеу негізінде қолданыстағы судың жарамдылығын бағалау әдістерін талдай отырып, тәжірибе алаңының су-тұз балансын жасау арқылы, тұзсыздану динамикасы, құрамы анықталып, болжамдар жасалынған;

4. Нақты материалдарды талдай отырып, математикалық өңдеу арқылы бірнеше суармалы алқаптардағы топырақтың тұздану мөлшерін көрсететін картасы жасалынып, практикалық қолданысқа ұсынылған;

5. Тұздылығы жоғары және өте жоғары егістік жерлерді тиімді пайдалану бағытындағы іс-шаралар жиынтығы мен технологиялары ұсынылған.

Сонымен, Қызылорда суармалы алқабында бірінші рет топырақтың тұздану шамасынның қауіпті деңгейін экологиялық коэффициент арқылы бағалаудың ғылыми негіздемесін жасап, анықтауын; суармалы егістік алқаптарының қолданыстағы технология жағайында топырақтардың болжамдық тұздану көрсеткіштерін математикалық моделдеу негізінде анықтап, олардың таралу картасын жасауын; тұзданған топырақтарды ауыспалы егістікке диверсификациялық дақылдарды және галофитті енгізу, шаю арқылы игерудің жаңа технологиясын, өндіріске ұсынуын жұмыстың басты ғылыми жаңалығы деп атауға болады.

Автор диссертациялық жұмыстарды орындау кезінде теориялық, әдістемелік және практикалық маңыздылығы бар келесі жұмыстарды орындаған:

- аталған тақырып бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне кеңінен сараптама жасаған;

- зерттеу жұмыстарын орындау барысында мелиоративтік жағдайды бағалаудың методикасы, ғылыми әдістемелері қолданылып, Қызылорда гидромелиоративтік экспедициясының, Ы.Жахаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институты және басқа да дерек мәліметтерін пайдаланған;

- диссертацияда жасалынған ұсынымдар жобалар дайындауда, мемлекеттік бағдарламаларда және шаруашылықтармен суармалы жерлерді пайдалануда қолданылуда;

- зерттеу жұмыстарының нәтижелері Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Су шаруашылығы, Жерге орналастыру және География мамандықтары студенттерін оқыту пәндерінде пайдалануда.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны бөлімдердің бір біріне толық сәйкестігімен айқындалып, жеке тараулары зерттеу пәнімен, зерттеу нысанымен және оның мақсаттарының тұтастығымен нақты қамтамасыз етілген.

3. Зерттеу нәтижелерінің жариялануы

Негізгі ережелерге сәйкес диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша барлығы 19 ғылыми мақалалар: SCOPUS компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда; AGRIS (ауыл шаруашылығына арналған ең ірі ғылыми дерекқор) базасына кіретін импакт факторлы Халықаралық ғылыми журналында; ҚР БЖҒМ-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған басылымдарда; Ринц базасындағы, әрі Ресей Федерациясының ЖАҚ құрамына кіретін басылымдарда; Халықаралық және Республикалық ғылыми-тәжірибелік

материалдар жинақтарында және басқада ғылыми басылымдарда жарияланған.

4. Диссертациялық жұмыс бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар

Г.Б. Тоқтағанованың диссертациясында төмендегідей кемшіліктер орын алған:

1. Диссертация тақырыбы «Қызылорда суармалы алқабы негізінде» деп көрсетілгенімен мазмұны өте кең көлемді қамтыған, сондықтан нақты зерттеу нысанымен шектелу керек еді;

2. 2-ші бөлімнің 7 кестесіне коментарий берілмеген, су жарамды ма, қандай қауіп бар деген секілді қорытынды жасалмаған;

3. Шаю технологиясы бойынша теориялық негізделуін анығырақ жазу керек еді, материалдар көп келтірілген, бірақ күріш арқылы шаю маңызы, технологиясы келтірілмеген;

4. Диссертация мәтінінде біршама орфографиялық, стилистикалық қателіктер орын алған.

Ұсыныс ретінде бірінші бөлімдегі кейбір параграфтарды біріктіру арқылы маңызы төмен материалдарды азайту қажет.

Алайда көрсетілген ескерту диссертациялық жұмыстың құндылығына, мазмұнына, алынған зерттеу нәтижелеріне нұқсан келтірмейді және өндіріске нақты жасалған ұсынымдарымен ерекшеленеді.

5. Ғылыми дәреже беру Ережелеріне қойылатын талаптар бойынша диссертациялық жұмыстың мазмұнының лайықтылығы

Диссертациялық жұмыс сауатты, айтылған ойлары жұмыстың ішкі байланысымен тізбектеліп, логикалық жүйе бойынша жазылған. Алдына қойған мақсаты мен міндеттердің шешімдері нақты және дұрыс шешілгені жұмыстан айқын байқалады.

Диссертациялық жұмыстың ізденушісі Г.Б. Тоқтағанованың «Қазақстандық Арал өңірі суармалы жерлерін тиімді пайдаланудың ғылыми технологиялық негіздемесі (Қызылорда суармалы алқабы мысалында)» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы және өндірістік құндылығы бар аяқталған ғылыми еңбек деп толық есептеуге болады. Мазмұны, негізгі ғылыми тұжырымдары және нәтижелері ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті Ережелерінің талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы Г.Б. Тоқтағанова 6D081000 - «Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент,
«Жаңарту» ЖШС-нің
табиғатты пайдалану мәселелері
бойынша ғылыми кеңесші, техника
ғылымдарының докторы, профессор

С.Б. Өмірзақов

«7» 06 2019ж.

